

ӘОЖ 81'373; 001.4

Б.Р. Құлжанова,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф. ғ. к.,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: Bahit777@mail.ru

XI-XII ғасыр ескерткіштеріндегі көнерген зат есімдер

Мақалада орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі зат есімдердің қазіргі қазақ тілі тұрғысынан қаншалықты дәрежеде көнергені әңгімеленеді. Бірқатар зат есімдер сыртқы пішіні өзгергенмен ішкі лексикалық мазмұнын қазақ тілінде сақтап қалған. Керісінше зат есімдердің ендігі бір тобы сыртқы пішіні өзгермегенімен, ішкі лексикалық мазмұны өзгерген. Бірқатарының ескі мағыналары жойылып кетсе, бірқатары тың лексикалық мағыналар қосып алған.

Түйін сөздер: орта ғасырлар, зат есім, лексикалық мазмұн, көнеру үдерісі, сыртқы пішін.

B.R. Kulzhanova

Obsolete nouns in the monuments of the eleventh-twelfth centuries

The article considers the issue of the obsolete nouns in the language of the monuments of the Middle Ages in comparison with the modern Kazakh language. A lot of nouns in the Kazakh language have changed their external form but preserved the internal lexical meaning. On the contrary, another group of nouns preserved the form changing their internal lexical meaning. Some of them have lost their old meaning, while others acquired new lexical meanings. All this may explain the «obsolescence» of nouns. It can also serve as an explanation for the other parts of speech.

Key words: Middle Ages, noun, lexical meaning, the process of aging, form.

Б.Р. Кулжанова

Устаревшие имена существительные в памятниках XI-XII вв.

В статье рассматривается вопрос об устаревших существительных в языке памятников средневековья в сравнении с современным казахским языком. У множества существительных в казахском языке произошли изменения во внешней форме, но внутреннее лексическое значение осталось неизменным. А другая группа существительных, напротив, не изменилась во внешней форме, но лексическое значение поменялось. Некоторые из них потеряли старое значение, а другие приобрели новое лексическое значение. Все вышесказанное может объяснить «устарение» существительных. Также оно может служить объяснением и для других частей речи.

Ключевые слова: средневековье, имя существительное, лексическое значение, процесс устарения, внешняя форма.

Қазіргі тіл білімінде «көне сөздер», «тарихи сөздер» деген ұғым бар. Көне, тарихи сөздерді, көне дәуірлерге тән құбылыс болғандықтан, қазіргі заманның адамдары түсіне бермейді. Ол атаулардың бірқатары қазіргі тілдің лексикасынан мүлдем шығып қалған болса, едәуір бөлігі актив лексикадан пассив лексикаға ауысқан. Көне түркі жазба ескерткіштерін оқығанда да осындай түсініксіз сөздер ұшырасып қала-

ды. Қазіргі тілдердегі көне сөздерден олардың айырмашылығы өз заманында жиі қолданыста болып, архаизмге айналмаған. Демек, ескерткіштер тіліндегі қазіргі оқырмандарға түсініксіз сөздер – осы кездің тұрғысынан ғана архаизм сияқты болып көрінетін лексикалық тұлғалар. XI-XII ғасырлардағы архаизмдерді (көне сөздерді) анықтау біздің міндетімізге жатпайды. Көне түркі жазба ескерткіштері лексикасында

біршама дәрежеде ұшырасатын сөздерді қазіргі қазақ тілі тұрғысынан «көне сөздер», «көнерген сөздер» деп атасақ, мұның өзі шартты. Бұл, қайталап айтамыз, ол сөздер орта ғасырларда-ақ «көне сөзге айналған», «көнеріп кеткен» деген түсінік емес. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан көнерген зат есімдерді 1) қазақ тілі лексикасында ұшырасатын көнерген зат есімдер, 2) қазақ тілі лексикасынан мүлдем шығып қалған көне зат есімдер деп екіге бөліп қарауға болады. Қазақ тілінде ұшырасатын көнерген сөздерді біз өз тарапымыздан алты топқа бөлдік: 1) түбірі де, жұрнағы да жекелей алғанда қазіргі тілдерде қолданыста болғанымен, бұрынғы тіркесімділік қабілетін жойып алған атаулар; 2) дыбыстық өзгерістерге ұшырағандықтан, сыртқы фонетикалық тұрпаты көнерген сөздер; 3) қазақ тілінде көне түркілік сыртқы тұрпаты сақталғанымен, мағынасы сәйкес келмейтін (делексикаланған) сөздер; 4) түбірі тірі, жұрнағы өлі зат есімдер; 5) керісінше, түбірі өлі, жұрнағы тірі зат есімдер; 6) лексикалық мағынасы көмескіленгенімен, этимологиясын тұспалдауға болатын зат есімдер.

Қазақ тілі лексикасынан мүлдем шығып қалған зат есімдерді: 1) бүкіл түркі тілдерінің сөздік құрамынан шығып қалған зат есімдер; 2) қазіргі тілдердің белгілі бір тобында ғана сақталып қалған зат есімдер деп екіге бөлуге болады. Бірақ бұл мәселе арнайы зерттеуді талап етеді. Бүкіл түркі тілдерінен шығып қалған сөздерді немесе белгілі бір тілдер тобында ғана сақталып қалған сөздерді айқындап, анықтау оңай жұмыс емес. Түркі тілдерінің белгілі бір тобында сақталып қалған сөздерді Б. Сағындықұлы үшке бөледі: 1) оғыз тобындағы тілдерге ғана тән сөздер. Мысалы, *алын* (мандай), *бағырсұқ* (іш), *көлкә* (көлеңке), *соған* (жуа), *утан* (ұялу), *чог* (көп) т.б.; 2) қарлұқ-ұйғыр тобындағы тілдерге ғана тән сөздер. Мысалы, *асығ* (пайда), *пуш* (өкпе), *көкүс* (кеуде), *кеслан* (кесіртке), *йарут* (жарық ету) т.б.; 3) қыпшақ тобындағы тілдерге ғана тән сөздер. Мысалы, *бақыр* (жез), *күң* (күң), *таңсуқ* (таңсық), *үрк* (үрку), *сүңгү* (сүңгі) т.б. [1, 12-13]. Ірі-ірі тілдер тобына жататын мұндай сөздер «Қутадғу билиг» және «Ғибат-ул хақайиқ» ескерткіштері тілінде де кездеседі. Енді осы ескерткіштер тіліндегі қазіргі қазақ тілі тұрғысынан көнерген сөздердің бірсыпырасын талдап көрелік.

Дыбыстық өзгерістерге ұшырағандықтан, сыртқы фонетикалық тұрпаты көнерген сөздер. Тарихи ескерткіштерде бірқатар туынды сөздер жоғарыда сипатталғанындай түбірі де, жұрнағы

да қазіргі тілдерде жиі қолданыста болғанымен, тіркесу қабілетін жойып алғандықтан көне сөздердің қатарына қосылған. Енді бір алуан сөздер сыртқы тұлғасы адам танығысыздай дәрежеде өзгеріске ұшырап кеткендіктен, көне сөз ретінде ұғынылады. Әйтпесе бұрынғы кездің тұрғысынан да, қазіргі кездің тұрғысынан да олардың лексикалық мағыналары бірдей. Мұндай сөздерді мағынасы сақталғанымен, сыртқы фонетикалық тұрпаты көнерген сөздер деп атауға болады.

Шату *саты*. *Шату* көрдім елиг аның бағнасы ҚБ 361 (Елу баспалдақты саты көрдім) Саты. *Үйдің төбесіне, қораның үстіне шығуға арналған, екі таянышы бар баспалдақты ағаш, баспалдақ* [2, 204].

Шату зат есімін осы заманғы оқырманға түсініксіз етіп тұрған дыбыстар ш ~ с және у ~ ы дыбыс сәйкестіктері ғана. Оғыз тілдерінде сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында қатаң ш дауыссызымен айтылатын сөздер қыпшақ тілдерінде қатаң с дауыссызымен айтылады. Көне түркі, орта ғасыр ескерткіштерінде екі, үш буынды, сондай-ақ көп буынды сөздерде ұшырайтын ерінді у дауыстысы уақыт өте келе қазақ тілінде езулік ы дауыстысына айналып кеткен. Міне, осы заңдылықтың нәтижесінде көне тіл мен жаңа тілдің айырмашылығын көрсететін шату – саты жарыспалы (параллель) сөздері пайда болған. Бірақ лексикалық мағынасы тепе-тең.

Қадаш. *Бірге туған туыс, бауыр*. Қадашың йоқ ерса йоры тут адаш Адаш едгү болса бу болды *қадаш* ҚБ 183 (Туысың жоқ болса, дос іздеп тап Досың ізгі болса, туыс бола алады). *Қандас шығу тегі бір, бауырлас* [3, 5].

Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде кездесетін өнімсіз -даш жұрнағы зат есімдерге қосылып, сол жалғанған түбірлердің нақты мағыналарына сәйкес туысқандықты, жақындықты, ниеттестікті, сондай-ақ әлеуметтік тұрмыс жағдайдарының ортақтығын білдіретін зат есімдер жасайды [4, 22]. Қазақ тіліндегі -дас (-дес, -тас, -тес) осы жұрнақпен тектес. Қа түбірі мен қан (дененің барлық клеткаларына қорек беріп тұратын, тамырларды қуалап ағатын қызыл сұйық зат) түбірін өзара салыстырсақ, ескерткіштер тілінде н үндісінің түсіріліп айтылғанын байқау қиын емес. Сөз соңындағы н дауыссызын үнемдеу – оғыз тілдеріне тән заңдылық. Демек, н элизияға ұшыраған: қа ~ қан. Қадаш ~ қандас мағыналық жағынан алғанда «қаны бір» деген тура мағына береді. Осыдан «бірге туған туыс, бауыр, шығу тегі бір, бауырлас» деген ауыспалы мағыналар өрбіген.

Көләга. *Көлеңке. Көләга* туруп күнда артар өзи ҚБ 134 (Ол өзі – көлеңке, күн шыққанда жоғалады). Көлеңке. *Белгілі бір заттың сәуле түсіп тұрған жағынан қарама-қарсы тұсына түсетін сәуле тосқауылының қараңғылығы* [5, 148].

Үнді н дыбысы түсіріліп айтылуы себепті бұл сөздің де түр-тұрпаты өзгеріп кеткен. Қатар тұрған екі дауыссыздың бірі жойылған соң, екі дауыстының арасындағы к ұянданып г-ге айналған. Бұл қыпшақ тілдері мен оғыз тілдерінің екі бағытта дамығандығын көрсетеді.

Инч. *Тыныш, тыныштық. Бозун инчка* тегди турук семриди ҚБ 227. (Халық тыныштыққа ие болды, тұралап қалғандар семірді). Тыныш. *Тыным табу, жайшылық, алаңсыздық* [6, 369].

Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінде кейбір сөздердің басында т дауыссызының үнемдеу заңының әсерінен жойылып кеткенін айтып өткенбіз. Солардың бірі -инч. Көне түркі тілдері мен қазіргі тілдер арасындағы и ~ ы, ч ~ ш сәйкестерін есепке алсақ, инч ~ тыныш параллельдерінің сыры түсінікті болады.

Артут. *Сый, сыйлық, тарту. Тапуғ тозғу бирла нең артут қылып* ҚБ 86 (Қызметі мен құрметін көрсете отырып заттарды тарту етті). Мен артут қылайын шаһымға аны һХ 42 (Мен оны шаһыма сыйлық етейін). Тарту. *Біреуге арнап берілетін ерекше сый, арналған бағалы зат* [6, 36]. Дос тартуы, табиғат тартуы, т.б.

Мағынасы бірдей осы екі сөзді өзара салыстарғанымызда көне түркі тілінде алғашқы т дауыссызының, қазақ тілінде соңғы т дауыссызының элизияға ұшырағанын байқаймыз. Ежелгі дәуірде т (ат, ит, ут) тұлғасы көптік мағына беретін болған [7, 137-138]. Олай болса, көне түркілік артут көптік мағынада, қазақ тіліндегі тарту жекешелік мағынада тұр. Бірінде басқы дыбысының, екіншісінде соңғы дыбысының үнемделуі салдарынан екеуі екі басқа сөз сияқты ұғынылады.

Ақы. *Жомарт, қолы ашық. Ақы* суратин ким көрайин теса ҚБ 15 (Кім жомарттың келбетін көрейін десе). Ақы бол ақылық сени сәвдүрүр. һХ 260 (Жомарт бол. Жомарттық сени сүйіспеншілікке бөлейді). Сақы. *Қолы ашық береген жомарт* [2, 111]. (2) Яғни ақы ~ сақы. Көне түркі тілінде сөз басындағы қатаң с дауыссызы элизияға ұшыраған. Сақы – түркі тілдеріне араб тілінен ауысқан сөз. «Һибат-ул хақайик» ескерткішінде бұл сөздің араб тіліндегі формасы сақталып қолданылған. Сахасы макарим йига дарманы һХ 50 (Асқан жомарттығы күллі аурудың емі). Осы сөз формадан ақылық (жомарттық) туынды сөзі жа-

салған. *Ақылық* била бег безүр ҚБ 224 (Билеуші бек жомарттығымен даңқы көтеріледі). Сақылық. *Жомарттық, қолы ашықтық* [2, 8-113]. Араб сөздері ислам діні тарағаннан кейін барып түркі тілдеріне енді. Бұдан оғыз тілдерінде сөз басындағы с, т дыбыстарын түсіріп айту заңдылығы соңғы мыңжылдыққа дейін сақталғанын көреміз.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің бірқатарында дз аффрикатының жіңішкеруінен пайда болған д'з' аффрикатының қатысуымен жасалған сөздер бар. Бұл жіңішке аффрикат түркі тілдерінің барлығына бірдей таралмаған, аймақтық сипатта болған. Ескерткіштердің біреуінде бар болып, екіншісінде болмауы сондықтан. Бір ғана дыбыстың көнеруі, бүтіндей сөзді архаизмге айналдырып жібереді, жіңішке д'з' аффрикаты жоғарыда аталып кеткеніндей қазіргі башқұрт, түрікпен тілдерінде ғана кездеседі. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан көне [8, 91-96].

Кед'з'им. *Киім, киім-кешек. Йетурса* ичурса кед'з'үрса кед'з'им ҚБ 172 (Жегізсе, ішкізсе, киім кидірсе). Киім. *Адам үстіне киюге арналып тігілген бұйым. Жіңішке д'з' аффрикатының көнеруі себепті құрамында бұл аффрикат бар сөздер қазіргі көптеген түркі тілділеріне бейтаныс. Талдағалы отырған сөзіміздің тұлға-тұрпаты «Һибат-ул хақайик» ескерткіші тілінде өзгешерек, қазіргі қазақ тіліне жақындау. Кейім. Киім тон толусы көнилік тоны һХ 168 (Киім-кешектің көріктісі әділдік киімі) кед'з'им, кейім варианттарымен қатар «Қутадғу билиг», «Һибат-ул хақайик» ескерткіштері лексикасында кедим варианты да бар. Кейім вариантынан қазақ тіліндегі вариантының айырмашылығы е ~ і, и ~ і сәйкестігінде ғана. Бірқатар сөздерде ұшырасатын д'з' ~ д сәйкестігі туралы «фонетикалық айырмашылықтар» әңгімеленген тараушада айтып өткенбіз. Бұл сөздің түбірі кед'з' (кию) етістігі де ескерткіштерде үш вариантта жарыса қолданылған: кед'з' ~ кет ~ кей. Жіңішке д'з' аффрикаты сөз арасында, сөз аяғында көбірек ұшырасады.*

Қатыр. *Қашыр. Йазыда қалын йунд ақурда қатыр* ҚБ 385 (Далада қалың жылқы жайылып жатса, ақырда қашыр тұр). Қашыр. *Бие мен есек айғырының шағылысуынан туган мал. XI ғасыр ескерткіші мен қазақ тілінің арасында т ~ ш сәйкестігі байқалғанымен екеуінің даму жолы екі түрлі. 1) тс→т/с°→тө→т. 2) тш→т□ш→өш. Дауыссыз т қатаңын оғыз, қарлұқ-ұйғыр тілдеріне, ш қатаңын қыпшақ тілдеріне тән ерекшелік деп танаймыз.*

Үгір. *Үйір, табын*. Қамуғ нәңни көрдүм өз үг-
рүн йорыр Киши йылқы куш курт өз үгрүн билир
ҚБ 302 (Барша затты көрдім өз үйірінде өмір сү-
реді. Адам, мал, құс, құрт бәрі де өз үйірін біледі).
Үйір. *Бір айғырдың қарамағындағы құлын-тайы
аралас 15-20 шақты биелер тобы*. Ұяң г дыбы-
сының үнді й дыбысына айналып кету салдары-
нан үгүр архаизм ретінде қабылданады. Бұрын
бұл сөз адам, жан-жануар, құс атаулының барлы-
ғына бірдей ортақ жалпы мағыналы сөз болса, қазір
жылқыға ғана байланысты қолданылады.

Өрдәк. *Үйрек*. Қаз өрдәк қуғу қыл қалықығ
туды ҚБ 18 (Қаз, үйрек, қу, қасқалдақ аспан-
ды толтырды). Үйрек. *Баишайларының арасы
жұқа жарғақ терімен тұтасқан, тұмсығы
жалтақ су құсы*. Сөз құрамындағы р, к дауыс-
сыздары ғана бұл сөздердің бір негізден шыққа-
нын мегзеп тұр. д мен р даму барысында орын
алмастырып, метатеза түзіп тұр. Орхон-Енисей
ескерткіштері лексикасында ұшырайтын өдирәк
сөзі де д мен р-дың орын ауыстырғанын дәлел-
дей алады. Өдирәк. *Үйрек*. Ур қойын тоңуз тақы-
ғу қаз өдирәк бу мунтағ тынлығылар бир күнтә үч
ката келип мени ысурурлар соқарлар ДТС 377
(Сиыр, қой, доңыз, тауық, қаз, үйрек осы сияқты
жан-жануарлар, құстар бір күнде үш қайтара келіп
мені тістеледі, шұқыды, соққылады). Демек,
ілгері заманда өрдәк емес, өдрәк болып айтыл-
ған. й үндісінің кез-келген дауыссызды ауысты-
ра алатын ығыстырушылық қасиеті бар екендігі
кейінгі кездегі зерттеулерден белгілі. Үйрек пен
өрдәк – дыбыстық өзгерістерге ұшыраған, па-
раллель сөздер.

Сөйтіп, тарихи дамудың нәтижесінде пайда
болған дыбыс сәйкестіктері, белгілі бір дыбыс-
тардың элизияға ұшырауы, әлде бір себептермен
бір дыбысты екінші бір дыбыстың алмастыруы,
дыбыстардың метатеза құбылысына ұшырауы
т.б. дыбыстық өзгерістер, тұтас сөздің сыртқы
сипаты, түр-тұрпаты көнеруіне әкеледі. Мұндай
фонетикалық айырмашылықтарды тарихи жазба
ескерткіштерден көптеп ұшырата аламыз. Осы
заңдылықтардың қыр-сырын таныту мақсаты-
мен дыбыстық өзгерістердің бірқатарына жо-
ғарыдағыдай талдау жасадық. Әр заңдылық өз
төңірегіне бірнеше сөздерді топтастыра алады.
Осы ретте ерекше көзге түсетін жайт, сыртқы
фонетикалық тұрпаты көнеріп, түсінілуі қиын-
даған сөздердің ішкі лексикалық мағыналарына
нұқсан келмеген. Қазіргі қазақ тіліндегі мағына-
лармен бірдей.

Қазақ тілінде көне түркілік сыртқы тұрпаты
сақталғанымен, мағынасы сәйкес келмейтін (де-

лексикаланған) сөздер. XI-XII ғасыр ескерткіш-
тері лексикасында сан жағынан аз болғанымен
сыртқы пішінін өзгертпеген, бірақ мағынасы
қазіргі тілдердегі мағынасынан бөлек сөздер де
кездеседі. Солардың бірқатары мыналар:

Таң. *Ғажап, керемет*. Тириг есан болса таң
өкүш көрүр ДТС, 532 (Егер тірі аман болса, та-
лай ғажапты көреді). Таң. *Сенерін де, сенбесін
де біле алмаған қалып; аң-таң*. Соңғы сын есім-
дік мағынаның алғашқы «керемет, ғажап» деген
зат есімдік мағынадан туындағаны сөзсіз. Бірақ
мағыналық байланысы тым алшақтап кеткен.

От. Бұл сөз бірінші мағынасында *дәрі де-
ген ұғымда* жұмсалады. Бу игка еми йоқ тилама
оты ҚБ 47 (Бұл аурудың емі жоқ, дәрі сұрама).
Екінші мағынасында *у, заһар* ұғымын береді.
Өлүм отын ичүрдүм ДТС, 373 (Өлім уын ішкіз-
дім). От *малға азық боларлық шөп*. Қазақ тілінде
бұл сөз жалпы алғанда «шөп» мағынасында тү-
сініледі. Бұл омонимдік сөз формалар әр басқа
ұғымды бергенімен, түпкі архисемасы бір. «Қу-
тадғу билиг» ескерткіші тілінде «дәрі шөп» ма-
ғынасында қолданылатын «от ем» қос сөзі бар.
Боғұздин кирүр иг кишига кеми Боғұздин болур
һәм аңар *от еми* ҚБ 164 (Адам баласына ауру
өңештен кіреді Сол өңештен дәрі болатын шөп
те енеді). Бұл айтылғаннан шөптен дәрі, тағам-
нан ауру пайда болатыны түсінікті болып тұр.

Сарт. *Саудагер, алыпсатар*. Негү тер ешит
емди *сартлар* башы ҚБ 163 (Саудагерлердің
басшысы не деп айтады, тыңда енді) Сарт. *Өз-
бектерге революцияға дейін телініп келген ат*.
Көне түркі тілінде сарт жалпы есім болса, қазақ
тілінде жалқы есім – белгілі бір этностың атауы.
Саудагерлік кәсіппен жаппай шұғылданғандық-
тан, өзбектер мен тәжіктерге осы атау таңылған.
Мағыналарындағы сәйкессіздік осыдан келіп
шығады.

Төр. *Баға, мән-мағына*. Бу төрт нәң учуз тут-
ма йүксәк *төрү* ҚБ 34 (Бұл төрт нәрсені арзан
деме, бағасы жоғары). Төр. 1. *Үйдің есігіне қа-
рама-қарсы жоғарғы жағы*. 2. *Ең жақсы, құр-
метті орын*. «Қутадғу билиг» ескерткішінде қа-
зақ тіліндегі мағыналардың екеуі де бар. Бірақ
үшінші мағына көне. Аталмыш сөздің «баға,
мән-мағына» деген ұғымы қазақ тілінде ұмы-
тылған. Көне мағынасы біздің тілімізде сәйкес-
сіздік түзіп тұр. Түркі халықтарының киіз үйдің
төрін қатты бағалауынан, құрметтеуінен осы
ауыспалы мағынасының туындағанын теріске
шығаруға болмайды. Ауыспалы мағыналардың
кейбіреуі осылайша тарихи даму барысында
ұмытылады.

Тек. *Құлып*. Тилиң текта тутғыл тишиң сын-масун ҺХ 131 (Тіліңе құлып сал, тісің сынбасын). Тек 1. *Құр бекер, босқа, жай*. 2. «*Қой*», «*тыныш*» деген тәрізді тежеу мағынасындағы одағай сөз. Қазақ тіліндегі осы екі ұғым ғана көне түркілік ұғымға аздап та болса жуықтайды. Өйткені, «тилиң текта тутғыл» деген тіркесті «тіліңді тыныш ұста, өз жайына қой» деп те түсінуге болады. Құлып – араб тілінен енген сөз. Бұл сөздің ұғымын көне түркі тілінде тек сөзі бергенге ұқсайды.

Қор. *Шығын, зиян, зарар*. Чыкыш көрмасы болур ерка қор ҚБ 54 (Шығысын көре білмеген адамның ісі шығынға ұшырайды) Яна қорқа түшәр нәң булмаз ДТС, 457 (Қайтадан зиянға түседі, еш нәрсе таба алмайды). Қор мол болып жиналған қазына, дәулет. Пайда, табыс табудың арқасында қазына, дәулет жиналатынын ескерсек, бұл ұғым көне түркілік ұғымға қарама-қарсы. Осы себепті мысалға алынған сөзформаларды омонимдес сөздер ретінде қабылдаймыз. Қазақ тіліндегі «сорлы, бейшара, байғұс» мағыналарында түсінілетін қор сын есімі көне түркі тілінде «шығын, зиян, зарар» мағыналарын беретін қор зат есімінен туындауы мүмкін. Үнемі шығынға, зиянға батқан адам өз-өзінен сорлы, бейшара болып қалатыны түсінікті.

Тоқ. *Рақат, жұбаныш*. Негү тер ешитгил бу бәйтиг оқы көңүл сырры кизла ай көңлүм тоқы ҚБ 200 (Мына бәйітті оқы, не деп айтады екен, ұғып ал! Ей, көңілімнің жұбанышы, жүрек сырларын әрқашан жасырын ұста). Тоқ. *Тоя ішіп-*

жеген астың қуаты. Тоя жеген ас адамға рақат та, жұбаныш та әкеледі. Қазақ тілінде тура мағынасы, ескерткіштер тілінде ауыспалы мағынасы сақталған. Осы себепті мағыналары сәйкеспейді. «Ішіп-жеп тойған» деген мағынадағы тоқ сын есімі де талданған сөздермен сабақтас.

Өз. *Жан*. Меңа болса фазлың қутулды өзүм ҺХ 39 (Маған кешірімнің болса, жаным азаптан құтылады). *Жан* – осы сөздің тура мағынасы. Осы мағынаның негізінде ескерткіштерде *өмір* мағынасы туындаған сияқты. Ағылыңта йылқын болсун өзүң узун болсун ДТС, 394 б. (Жайылымыңда жылқың болсын, өмірің ұзақ болсын). *Бір нәрсенің мәні, өзегі деген мағына* осы екі мағынаның негізінде пайда болған сияқты. Ол меңигү тұқаллиг мунсыз өзүң үзүн көрәлим ДТС, 394 (Біз сенің мәңгі, әбден жетілген, мінсіз өзегіңді көргіміз келеді). Бұл сөз ескерткіштер материалдарына қарағанда бірте-бірте өз есімдігіне ауысқан. Аның өз тили өз башыны йейүр ҺХ 120 (Оның өз тілі өз басын жейді). Себебі, әуелде ол мен, сен, ол есімдіктерімен жиі тіркесіп, пайдаланылатын болған. Мен өзүм қаған олуртукум үчүн ДТС, 394 (Мен өзім қаған болып таққа отырғаным үшін). Қазақ тілінде өз *іс-әрекетті, затты, нәрсені менішкітенуші, иеленуші жақ*. Парсы-араб тілдеріндегі жан тұлғасы төл тіліміздегі өз тұлғасын ығыстырғаннан кейін, ескі сөзформа архаизмге айналған да, өз есімдігімен мағыналық байланысын үзіп алған. Алайда бұрынғы фонетикалық тұрпаты сақталып қалған.

Әдебиеттер

- 1 Сағындықұлы Б. Алтын Орда ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 1987. – 48 б.
- 2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық / Жалпы ред. басқ. А.Ы. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1985. – 8 т. – 91 б.
- 3 Манкеева Ж.А. Реконструкция первичных корней глагольных основ казахского языка. – Алматы: Наука, 1991. – 52 с.
- 4 Керімұлы Ә. Түркі әдебиеті ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XIV ғ.). – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 1999. – 11 б.
- 5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық / Жалпы ред. басқ. А.Ы. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1980. – 5 т. – 64 б.
- 6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық / Жалпы ред. басқ. А.Ы. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1986. – 9 т. – 56 б.
- 7 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 26 б.
- 8 Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. – М.: Главная редакция восточной литературы, 1979. – 48 с.

References

- 1 Sagyndykuly B. Altyn Orda eskertkishterinin tili. – Almaty: Kazak university, 1987. – 48 b.
- 2 Kazak tilinin tusindirme sozdigi: 10 tomdik. / Jalpi redakstiasin baskargan A.M. Iskakov. – Almaty: Gilim, 1985. – T. 8. – 91 b.
- 3 Mankeeva J. A. Rekonstruktsia pervichih kornei glagolnih osnov kazakskogo iazika. – Almaty: Nauka, 1991. – 52 s.
- 4 Kerimuly A. Turki adebieti eskertkishteri titlindegi soz jasytin jurnaktar (XIV g.). – Almaty: I. Altinsarin atindagi Kazaktin bilim akademiasinin peshpublikalik baspa kabineti, 1999. – 11 b.
- 5 Kazak tilinin tusindirme sozdigi: 10 tomdik. / Jalpi redakstiasin baskargan A.M. Iskakov. – Almaty: Gilim, 1980. – T. 5. – 64 b.
- 6 Kazak tilinin tusindirme sozdigi: 10 tomdik. / Jalpi redakstiasin baskargan A.M. Iskakov. – Almaty: Gilim, 1986. – T. 9. – 56 b.
- 7 Tomanov M. Kazak tilinin tarihi grammatikasi. – Almaty: Mektep, 1988. – 26 b.
- 8 Nadjip E. n. Istoriko-sravnitelnyy slovar turkskih iazikov XIV veka. – M.: glavnaia redaktsia vostochnoi literaturyi 1979. – 48 s.